

2. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2002. – 592 бет + 48 бет суретті жапсырма.
3. Қамыс-Самар-Жаңақала. Өткені мен бүгіні (I том). – Арыс, 2016 ж.
4. Бөкейдегі тұңғыш қазақ үкіметі // <http://gonzo.kz/blog/2642> (қаралған уақыты: 11.02.2022)
5. Қазақ мемлекеттілігі және Алашорда. Ұжымдық монография. – Алматы: «Литера-М» ЖШС, 2018. -720 б.
6. Известия Областного Комитета РКП (б), ноябрь-декабрь, 1922 г. №24//ҚР Президентінің архиві Қор-139, тізбе-1, байлам-139, іс-53 (56-57 бб)
7. Жаңақа ауданы // <https://rel.kz/zha-a-ala-audany/> (қаралған уақыты: 17.03.2022)

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ХАЛЫҚТАРДЫҢ ДЕПОРТАЦИЯЛАНУЫ

Шаметов Б.Б., магистрант

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ, Қазақстан

Бүгінгі таңда тарихнама ғылымының аз зерттелген аспектісі ерекше қоғамдық-саяси феномен ретінде көрініс беретін тоталитаризм болып табылады. Өз кезегінде тоталитаризм Кеңес дәуіріндегі адамдардың, оның ішінде Қазақстандағы этнодемографиялық жағдайды өзгерткен республикаға жер аударылған халықтардың тағдырында маңызды рөл атқарды. Ұлы Отан соғысының басталуымен Еділ аймағында тұратын немістер бірінші болып жер аударылды. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының "Поволжье неміс автономиялық облысын тарату туралы" Жарлығы шығып, "Поволжье немістерін Қазақстанда орналастыру туралы" және "немістерді Грузия, Әзірбайжан және Армян КСР-нен көшіру туралы" қаулылар қабылданды. Неміс ұлтының барлық өкілдері депортацияға ұшырады: Еділ, Мәскеу, Украина, Кавказдан келген немістер, офицерлер мен сарбаздар майданнан шақырылды. Немістер күштеп қоныс аударуға ұшырағандардың ішіндегі ең ірі ұлттық топ болып табылады. 1941-1942 жылдары барлығы 1 209 430 неміс ұлтының өкілдері күштеп қоныс аударылды [1, 79 б.].

Оның ішінде Қарағанды облысының мемлекеттік мұрағатының деректері бойынша Қазақстанға 225 мыңнан 350 мыңға дейін адам жер аударылды. Басқа дереккөздер бойынша, соғыс кезінде Қазақстанға 420 мыңнан астам неміс халқы жер аударылды [2, 87 б.]. ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті мұрағатының деректері бойынша 1941 жылғы 10 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚазССР облыстарында 34970 адам болған [1, 98 б.], ал 1942 жылғы 5 қаңтардағы жағдай бойынша 382102 адам болған [3, 98 б.].

Республикада арнайы қоныс аударушыларды қабылдауға дайындық алдын ала жүргізілді. КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі мен Қазақстан КП (б) ОК-нің 1941 жылғы 1 қыркүйектегі "Саратов, Сталинград облыстарынан және Поволжье немістер Республикасынан қоныс аударушыларды қабылдау жөніндегі КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі мен БКП (Б) ОК-нің а. ж. 26 тамыздағы қаулысын іске асыру жөніндегі іс-шаралар туралы" қаулысы бойынша қоныс аударушыларды қабылдау мен орналастыру үшін Қазақстан облыстарында облыстық штабтар құрылды 4, 97-98 б.].

Алайда облыстық ұйымдар қоныс аударушы немістерді қабылдауға және орналастыруға дайын болмай шықты. Қоныс аударушылар үшін жоспарланып салынған үйлер, олар келгенге дейін, елдің батыс аймақтарынан эвакуацияланған халықты орналастыру үшін берілді. КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің 1941 жылғы 21 қарашадағы өкімімен Куйбышев облысынан немістердің 1677 отбасы депортацияланды, сондай-ақ қалмақ АССР-нен тағы 6 мың неміс жер аударылды [4, 112 б.].

Депортацияланған немістердің осындай үлкен санын жергілікті жерлерге орналастыру үшін Орталықтан берілген бұйрықты орындау мүмкін болмады. Ертіс бойынша кеме жүруінің тоқтауы және темір жолдардың қашықтығы, сондай-ақ жергілікті биліктің озбырлығы депортацияланған немістерді аштық пен жойылу шегіне жеткізді. Бұл жерде жергілікті тұрғындардың бастамасы өте маңызды болып, депортацияланған неміс ұлтының өкілдерін өз үйлеріне орналастырды. Мемлекеттің саясаты ауылдық жерлерде арнайы қоныс аударушы-немістерді орналастыруға бағытталды. Осылайша, ауылдық еңбек ресурстарының жетіспеушілігін толтыруға әрекет жасалды. Фашистер басып алған аумақ босатылған кезде депортацияланған халықтардың өкілдерін көшіру жалғасты. Бірінші кезекте бұл жерде тағы да неміс халқы тұрған болатын. 1944-1945 жылдары Украинаның, Беларуссияның және Балтық елдерінің азат етілген аумағынан соғысқа дейінгі уақыттан бері тұрып жатқан неміс халқы шығарылды. Олардың барлығы аз мөлшерде болса да, Сібір мен Қазақстан аймақтарына тұрақты тұруға жіберілді. 1945 жылдың соңына қарай Қазақстанда елдің батыс аудандарынан 9 мыңға жуық неміс отбасы қосымша орналастырылды [3, 2 б.].

Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстан аумағына жер аударылған немістердің саны тұрақты болмады, өйткені олардың басым бөлігі еңбек армиясына және негізінен Қарағанды қаласының көмір өнеркәсібіне жұмылдырылды. 1942-1943 жылдары құрылысқа, көмір, мұнай өнеркәсібіне және НКВД лагерлеріне 103 733 неміс жұмылдырылды, оның ішінде 92438 адам Қазақстаннан тыс жерлерге шықты, оның ішінде 30403 әйел адам болатын [4, 130 б.]. Сонымен қатар, жұмылдырылған немістердің ең көп саны Солтүстік Қазақстан, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарына тиесілі болды.

1944 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша республика бойынша есепте 218328 адам (71 151 отбасы) - арнайы қоныс аударушы немістер тұрды. Ал 1945 жылдың 1 қаңтарына қарай ҚазКСР-да арнайы қоныс аударылғандардың болуы туралы НКВД анықтамасына сәйкес олардың есебінде 243722 адам (79017 отбасы) тұрды [1, 49 б.].

Айта кету керек, алғашқы кезеңде қоныс аударушылардың материалдық және тұрмыстық жағдайының ауыр болуының салдарынан қолайсыз жағдай қалыптасты. Қоныс аударушыларды қабылдау және орналастыру жөніндегі нұсқаулықта оларға атаулы түбіртектер болған жағдайда айырбастау операциялары арқылы жеке пайдалану үшін мал беру көзделген болатын. Алайда, "олардың басым көпшілігі өндіріс құралдарын да, азық-түлікті де мемлекетке тапсыру туралы тиісті рәсімдеусіз келген болатын" [4, 109 б.]. Қиын материалдық жағдай "Кеңес өкіметіне қарсы көңіл-күйдің жандануына, түрлі қауесеттердің таралуына себеп болды. Осыған байланысты Қазақстанның КП (б) барлық партия ұйымдары: "қоныс аударылған немістер тұратын және олар орналастырылатын колхоздардағы үгіт-насихатты жүргізуге ерекше назар аударуды және олардың арасында саяси жұмыстың жүргізілуін қамтамасыз ету міндеттелінді" [4, 103-104 б.]. Алғаш рет күштеп жер аударылғандардың бірі қарашай халқы болатын. Бұл халықтың өзіндік автономиялық облысы болды. Ол бастапқыда 1922 жылы 12 қаңтарда РКФСР Ставрополь өлкесінің құрамындағы Қарашай-Шеркес автономиялық облысы ретінде құрылған болатын. Соғыс кезінде қарашайлар, басқа халықтар сияқты, фашистермен шайқастарға белсенді қатысты. Соған қарамастан, 1943 жылы 12 қазанда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Қарашай автономиялық облысы жойылды, ал 1943 жылы 4 қазанда КСРО ХКК-нің қарашай халқын көшіру туралы жабық Қаулысы қабылданды. Қысқа мерзім ішінде облыстан жалпы саны 69267 адамнан тұратын 14 774 отбасы жер аударылды [3, 9-10 б.]. Қарағанды облысының мемлекеттік мұрағатының деректері бойынша 70 мыңға жуық қарашай халқы жер аударылды. ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті мұрағатының деректері бойынша 1945 жылғы 1 қаңтарда республика бойынша саны 40767 адамнан тұратын 10505 отбасы болған [4, 147 б.]. Соғыстың соңына қарай 1945 жылы 1-ші қаңтарда республикадағы қарашай халқының саны 39431 адамды (10350 отбасы) құрады [5, 154 б.]. Көшіру өте қатаң түрде және қысқа мерзімде жүзеге асырылды. 1957 жылы Қарашай-Черкес автономиялық облысы қалпына

келтірілгеннен кейін оған Орта Азия мен Қазақстаннан қарашай халқының 90%-ға жуығы оралды.

Күштеп қоныс аударту саясатының қайғылы тағдыры балқарлықтардың да басына түсті. Кабардин-Балқар автономиялық облысы 1922 жылы 16 қаңтарда РКФСР құрамында құрылған болатын. Ал, 1936 жылы 5 желтоқсанда ол автономиялық республика болып қайта құрылды. Балқарлар басқа халықтар сияқты негізінен майданда соғысты. 1943 жылдың қаңтарында жалған айыппен өздерінің тарихи отандарынан көшіріліп, балқарлар территориясы босап қанырап қалды.

МҚК-ның (Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті) балқарларды көшіру туралы қаулысы 1944 жылы 5 наурызда қабылданды. Депортация нәтижесінде Қазақстанға жалпы саны 25 мың адамнан тұратын 4660 балқарлық отбасы күштеп қоныс аударылды. Бірақ жер аударылғандардың саны күрт азайып, 1945 жылдың 1 қаңтарына 20288 адамды (5405 отбасы) құрады.

Көп ұзамай Қалмақ АКСР-інің халқы да осындай жағдайға тап болды. 1943 жылдың 28 қазанында қалмақтар КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығы мен КСРО ХКК қаулысына сәйкес жер аударылды. Қалмақтар КСРО-ның басқа халықтарымен бірге жауға қарсы күреске көтерілген болатын. Жауынгерлік еңбегі үшін 21 адам Кеңес Одағының Батыры атағына ие болып, 8 мың адам орден және медальдармен марапатталғанына қарамастан, Солтүстік Кавказ халықтарына қарсы тағылған айыптар бойынша өз отандарынан күштеп қоныс аударылды. 1944 жылдың 1 қаңтарына республика аумағында ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті мұрағатының деректері бойынша қалмақтар саны 2233 адамды (680 отбасы) құрады [6, 59 б.]. Ал 1945 жылғы 1 қаңтардағы ҚазКСР ІХК (НКВД) деректері бойынша – 2541 адамды (760 отбасы) құраған.

Кавказ халықтары арасындағы саны жағынан ең көп Шешен-Ингушетия ежелден Кавказдың қақпасы болған. Грозныйлық Кеңес зерттеушісі В. И. Филкин есебінше соғыс кезінде кем дегенде 18500 шешен мен ингуштар әскерге жіберілген [6, 72 б.]. Брест қамалының гарнизонында көптеген шешендер мен ингуштар қызмет етті. Цитадельді қорғау кезінде қаза тапқан екі мың Кеңес солдаттары мен офицерлерінің және оған іргелес үш бекіністің (Кобрин, Тераполь және Холмский) екі жүзден астамы шешендер болған [6, 79 б.]. Шешен-Ингушетияда соғыс басталысымен еріктілер қатарынан ұлттық бөлімдер жасақталып, әскер қатарына жіберілді. 1942 жылдың соңына дейін шешен-ингуш халқынан құралған 255-ші кавалериялық полкі шайқастарға қатысты.

Сталинград түбіндегі шайқаста болған үлкен шығындардан кейін полк құрамынан қалғандар басқа әскери бөлімдердің қатарына кірді. Сонымен қатар, жоғарыда аталған полктен басқа Қызыл Армия құрамында шешендер мен ингуштардың еріктілерінен тұратын жеке кавалериялық эскадрилья топтастырылған болатын. А. Авторханов шешен мен ингуш еріктілерінен құралған жеке атқыштар дивизиясы әлі толық қару-жарақ алмай жатып, ұрыс майданына тасталғанындығы жайлы жазады. Бұл дивизияны Немістер 1942 жылы 4 тамызда Котельников түбіндегі шайқаста жеңді [6, 56 б.]. Алайда, Кеңес үкіметі шешендердің толық адалдығына күмәнданып, 1942 жылы наурызда шешендер мен ингуштарды Қызыл Армия қатарына жұмылдыруды тоқтатты. 1944 жылғы 23 ақпанда фашистік оккупациялық әскерлерге көмек көрсетті деген жалған айыппен шешендер мен ингуштар Қазақстан мен Орта Азияға жер аударылды. 1944 жылы 7 наурызда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Шешен-Ингуш АКСР таратылды. Оның аумағы Ресей мен Грузия арасында бөлінді, жердің бір бөлігі Солтүстік Осетия мен Дағыстан АКСР-на өтті.

Олар КСРО-ның барлық аумағынан шеттетілді: Солтүстік Кавказ республикалары, Грузия, Әзірбайжан, Краснодар өлкесі және т.б. Олар Қызыл Армия қатарынан шығарылып, НКВД арнайы қоныс аударушылар бөлімдерінің қарамағына жіберілді.

Адамдарды Орта Азия мен Қазақстанға темір жол құрамаларымен көшіру көбінесе қоныс аударушылардың қаза болуымен аяқталып отырды. Депортацияланған халықты

далада жиі түсірін кеткендіктен Қазақстанда да құрбандар саны аз болған жоқ. Күштеп қоныс аударудан қаза тапқан адамдардың нақты саны белгісіз.

1944 жылдың 1 шілдесінде республика бойынша 414 046 адам (101 032 отбасы) Солтүстік Кавказ халықтары есепте тұрды, ал 1945 жылдың 1 қаңтарында – 360 405 адам (88513 отбасы) тұрды [7, 32 б.]. Нақты шығындар саны едәуір көп болды және күштеп қоныс аудару шешендер мен ингуштардың 200 мыңнан астам адамның өмірін қиды [5, 354 б.]. Бұл шешен-ингуш халқының нағыз геноциді болатын. Немістер, кәрістер, түріктер және тағы да басқа халықтар топтасып қоныстандырған болса, шешендер мен ингуштар шағын топтарға бөлінді және бүкіл республика бойынша шашыраңқы түрде қоныстандырылды. Мысалы, Қызылорда және Талдықорған облыстарында корей колхоздары мен совхоздары, Қарағанды, Павлодар, Қостанай, Ақмола облыстарында неміс шаруашылықтары құрылды. Егер басқа жер аударылған халықтар үшін балаларды ана тілінде оқыту үшін минималды жағдайлар жасалса, шешендер мен ингуштардың көпшілігі үшін күштеп қоныс аудару жылдары толық рухани тоқырау кезеңі болды. Қалмақтарды, шешендерді және ингуштарды көшіру туралы шешім КСРО Жоғарғы Кеңесінің жабық отырысында 1944 жылдың сәуірінде ғана жарияланған болатын.

Қарағанды облысының мемлекеттік мұрағатының деректері бойынша Қазақстанға 190 мыңнан астам қырым татарлары қоныс аударылды [6, 45 б.]. А.Алдажұмановтың мәліметі бойынша 191 044 татар ұлтының өкілдері депортацияланды. Осы саннан 1268 отбасы (4501 адам) Қазақстанға келді [3, 13 б.]. Сонымен қатар, бұл операция кезінде негізінен Краснодар өлкесіненде тұрған 7 мың болгар мен гректер жер аударылды. НКВД мәліметтері бойынша 1945 жылдың 1 қаңтарында республика аумағында 4224 адам (1223 отбасы) болды, олар тек Гурьев облысында жинақы қоныстандырылды [4, 147 б.]. Месхетияда, яғни Грузияның оңтүстік және оңтүстік-батыс аймақтарында тұратын түріктер де осындай қайғылы тағдырды бастан өткерді. 1944 жылдың 31 шілдесінде МКК (ГКО) қаулысымен түріктерді депортациялау басталды, нәтижесінде Қазақстанға 27 мыңнан астам месхетин түріктері қоныс аударылды [7, 17 б.]. Кеңес Өкіметінің кейбір халықтарды депортациялау туралы бірқатар қаулылары бойынша 25 мыңға жуық балқарлық, 7 мыңға жуық грек, болгарлар мен армяндар жер аударылды. Азат етілген территориялардан кейбір халықтардың жекелеген топтарын күштеп қоныс аудару процесі жалғасты. Немістерден басқа, соғыс соңында УҰҰ-тар мен олардың отбасы мүшелері Батыс Украина аумағынан қоныс аударылды. Олардың жалпы саны 100 310-ға жеткен. Жалпы, халықтарды күштеп қоныс аудару процесі 40-шы жылдардың соңына дейін жалғасты.

Соғыс кезінде өз территориясының едәуір бөлігін, материалдық-техникалық және экономикалық ресурстарын жоғалтқан кез-келген мемлекет барлық күштерді, соның ішінде адамдарды соғыс майданына және тыл жұмысын ұйымдастыруға жұмылдыруы керек екені айдан анық. Логикалық тұрғыдан алғанда, барлық еңбекке қабілетті және әскери қызметке жарамды азаматтар майданға және тыл жұмыстарын орындауға жұмылдырылуы керек еді. Алайда, екінші дүниежүзілік соғыстың тарихында агрессорға қарсы соғысқан ел бір уақытта өзінің миллиондаған халқын ел ішінде депортациялап, оларды мәжбүрлі лагерь жұмысына тартқан жағдайлар кездеспейді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Спецпереселенцы в Карагандинской области. Сборник документов и материалов // Сост. Р.М. Жумашев, Л.В. Михеева / Под. ред. Е.К. Кубеева. – Караганда: Изд-во КарГУ. – 325 с.
2. Бугай Н.Ф. К вопросу о депортации народов СССР в 30-40 годах // История СССР. 1986, № 6; Правда о депортации чеченского и ингушского народов // Вопросы истории, 1990, № 7; Л.Берия – И.Сталину: Согласно Вашему указанию... - М.,
3. Алдажұманов К.С. и Алдажұманов Е.К. Депортация народов – преступление тоталитарного режима. - Алма-Ата, 1997. - 16 с.

4. Из истории немцев Казахстана (1921-1975 гг.) Архив Президента Республики Казахстан. — 2-е изд. — Алматы — М.: Готика, 2000. — 376 с.
5. Сигаури И.М. Очерки истории и государственного устройства чеченцев с древнейших времен. – М.: Издательский дом «Русская жизнь», 1997. – 355 с.
6. Уралов А. (Авторханов А.). Народоубийство – убийство чечено-ингушского народа - М.: Вся Москва, 1991. - 62 с.
7. Так это было. Национальные репрессии в СССР 1919-1952 гг. Т.2. – М., -77 с.

ҚАЗАҚСТАНҒА КСРО ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ КҮШТЕП ЖЕР АУДАРЫЛУЫНЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

Шотбакова Л.К., т.ғ.к., профессор

Тәңірберген Р.Б., магистрант

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ., Қазақстан

Қазақстанның егемен мемлекетке айналғаннан бастап қоғам өмірінің барлық салаларын реформалауы ісі қолға алынды. Бұндай реформалар тарих ғылымына да жетті. Соңғы уақытқа дейін зерттелмеген немесе аз зерттелген, яғни тарих ғылымының ақтандақтары ашыла бастады. Олардың қатарына біздің көпұлтты республикамыздың күштеп жер аударылған халықтарының тарихы да жатады.

XX ғасырдың бірінші жартысы отандық тарихтың ең күрделі кезеңдерінің бірі – КСРО халықтарының Қазақстанға күштеп жер аударылуы. Төңкерістен кейін өз позициясын нығайта отырып, Кеңес республикасының билігі қолайсыз халықтарды қоныстанған жерлерден мәжбүрлеп шығаруды белсенді түрде қолданды. Бұл халықтарды күштеп жер аудару сталинизм қылмысы болып саналады. Бұл мақала, көбінесе, деректерге сүйене отырып жазылды. Бірақ оған қарамастан, кіріспеде қысқаша аталған тақырып бойынша тарихнамаға көңіл бөлдік. Шетелдік авторлардың ішінде бөліп көрсетуге тұрарлық Р. Конквест [1], А. Некрич [2], Н. Ф. Бугай [3], П.М. Полян [4] және т.б.

Осы тақырып бойынша шетелдік автор А. Некричтің «Наказанные народы» еңбегі бар. Ол еңбек 1970 жылдары орыс тілінде жазылған. Автор осы кезде КСРО – да тұрған. Содан кейін Нью – Йоркте ағылшын тілінде қайта басылып шыққан. Ол алғаш рет КСРО – дағы этникалық күштеп жер аударуды ғылыми мәселе ретінде қарастырды. Дереккөздердің шектеулі құрамына қарамастан, автор халықтарды жер аударудың, олардың арнайы қоныс аударушылар мәртебесінде ие болуының тұтас көрінісін көрсетуге тырысты.

Күштеп жер аудару мәселесін дамытуға ең маңызды үлес Н.Ф. Бугайдың зерттеулері болды. Н. Ф. Бугайдың «Л. Берия – И. Сталину: согласно вашему указанию» монографиясында жинақталған эмпирикалық материалды жалпылау әрекеті жасалды. Автор тарихнамада алғаш рет 1930 – 1950 жылдардағы КСРО – дағы мәжбүрлі қоныс аудару тарихын зерттеді. XX ғасыр Кеңес мемлекетінің тарихындағы әлеуметтік-саяси құбылыс ретінде және осы құбылыстың негізгі заңдылықтарын көрсетті. Басылымда Солтүстік Кавказ халықтарының жер аударылуы, осы жер аударудың салдары, сондай-ақ оналту процестері егжей – тегжейлі көрсетілген.

Қазақстандық авторлардың еңбектерінен М.Қ. Қозыбаевтың «Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски» атты 2 томдық басылымын атауға болады [5], Бөлімдердің бірінде «күштеп жер аударылған халықтар тарихын зерттеудің кейбір аспектілері» тақырыбы аясында жазылған. М.К. Қозыбаев күштеп жер аудару тақырыбында жазылған жұмыстарға жан-жақты тарихнамалық шолу жасай отырып, КСРО халықтарының жер аударылу тарихын көрсетті.

Қазіргі таңда Қазақстанға КСРО халықтарының күштеп жер аударылуының негізгі екі кезеңге бөлуге болады деп ойлаймыз. Олар: